

№ исх: 23-0-11/363 от: 08.06.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

08.06.2017ж. № 23-0-11/363



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» ҚДП
фракциясының
депутаттары**

**А. Перуашевқа
Е. Барлыбаевқа
Е. Никитинскаяға
К. Абсатировке
Б. Дүйсенбиновке
Д. Еспаеваға
М. Қазбековаға**

*2017 жылғы 19 мамырдағы
№ДЗ-144 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттарына БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару мәселелеріне назар аударғаны үшін алғыс білдіреді және мынадай ақпаратты жіберіп отыр.

Әзірбайжан Халықаралық Банкінің (ӘХБ) облигацияларына инвестициялар туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

Ұлттық Банк 2014-2015 жылдары зейнетақы активтерін инвестициялауды БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңестің шешімдері шеңберінде жүзеге асырды, ол 2014 жылғы сәуірде БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жалпы тұжырымдаманы және рұқсат етілген қаржы құралдарының

тізбесін мақұлдады. 2014 жылғы мамырда Ұлттық Банк Басқармасы БЖЗҚ Инвестициялық декларациясын бекітті, онда зейнетақы активтерін инвестициялауға қатысты талаптар мен шектеулер көзделеді.

Ұлттық Банк өкілеттіктердің басым бөлігін айқындап, тиісінше әрбір инвестициялау құралы бойынша ұсыныстарды зейнетақы активтерін инвестициялауға жауапты бөлімше айқындады.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау сәтіне ӘХБ-ның ең төменгі кредиттік рейтингі Moody's рейтингтік агенттіктің халықаралық шкаласы бойынша «Вa3» құрады, ол сатып алу кезінде қолданыста болған БЖЗҚ-ның Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келді.

ӘХБ-ның проблемалары 2015 жылдың бірінші жартысында басталғанын, және сол кезеңде Ұлттық Банк инвестицияланған қаражатты қайтару бойынша ешқандай күш-жігер жұмсамағанын атап өткен жөн.

Ұлттық Банктің құрылымында 2016 жылдың басында жүргізілген ұйымдық өзгерістерден кейін Ұлттық Банк банктің облигацияларын мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеуді жүзеге асыру бойынша белсенді жұмысын бастады.

2016 жылғы наурызда банктің қаржылық жай-күйіне алаңдаушылықпен Әзірбайжан Республикасының Қаржы министрлігіне және Әзірбайжан Халықаралық Банкіне хаттар жіберілді. Сонымен қатар облигацияларды ұстаушының мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқықтарына, ӘХБ облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі рәсімдерге түсініктеме алу үшін мәмілені ұйымдастырушы Citi Group-қа хат жіберілді.

Citi Group-тан 2016 жылғы сәуірде алынған ресми жауапқа сәйкес ӘХБ берешегін мерзімінен бұрын өтеуден бас тартты. Шығарылым талаптары бойынша ӘХБ-нің келісіммен ғана мерзімінен бұрын өтеуге болады.

2016 жылғы мамырда Ұлттық Банк өз облигацияларын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу мүмкіндігін қарастыру туралы қайтадан хат жіберді. Жауапта ӘХБ мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу мүмкіндігін қарастырмайтынын хабарлады (17.06.2016ж. жауап).

2016 жылғы тамызда Ұлттық Банк қайтадан ресми хат жіберді, онда облигацияларды мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуді талап етті. ӘХБ 2016 жылғы қыркүйекте өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу мүмкіндігін қараудан бас тартып, өз ұстанымын қайталап білдірді.

2016 жылғы қазанда Вашингтонда ХВҚ-ның басқарушылары кеңесінің «Күзгі кездесулерін» өткізу аясында, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары мен Әзірбайжанның Қаржы вице-министрінің арасында ӘХБ облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу мәселесі жөнінде кездесу болды. Кейін, 2016 жылғы қарашада және 2017 жылғы ақпанда орынбасарлар телефон арқылы толық талқылау жасады. Келіссөздер барысында Ұлттық Банк ӘХБ-та қаражаттың жоқ екенін ескере отырып, ӘХБ-тың облигацияларын ӘХБ-тың басқа барынша өтімдірек облигацияларына немесе Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына айырбастау мүмкіндігін қарауға дайын болды (бұл

нәтижесінде алынған бағалы қағаздарды нарықта сатуға мүмкіндік беретін еді). Әзірбайжан Республикасының Қаржы министрлігі өз тарапынан ӘХБ-ның өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуге немесе сатып алуға қаржылық мүмкіндігінің жоқ екенін, сондай-ақ Ұлттық Банк тарапынан мерзімінен бұрын өтеуді талап ету үшін ешқандай заңды негіздердің жоқ екенін хабарлады.

2017 жылғы ақпанда Moody's ӘХБ-ның кредиттік рейтингін теріс болжамды «В1» деңгейіне дейін төмендетті, оның нәтижесінде Ұлттық Банк ӘХБ-ға ӘХБ-ның облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу мәселесін қайта қарау туралы өтінішпен тағы да сұрату жіберді.

Кейіннен белгілі болғандай, ӘХБ өз міндеттемелерін ерікті қайта құрылымдауға дайындалғаны белгілі болды, ол туралы 2017 жылғы 11 мамырда жарияланды.

Сатып алынған облигациялар басында өтеуге дейін ұсталған бағалы қағаздар портфеліне жатқызылған болатын, сондықтан қайта бағаланған жоқ. 2016 жылғы мамырда оларды нарықта сату және облигацияларды нарықтық бағалауға тұрақты мониторинг жүргізу мақсатында осы облигацияларды сауда портфеліне аударуды жүзеге асырған болатын. Облигациялар БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінде болған кезеңде олардың нарықтық бағасы номиналдық құнынан 67% белгісіне дейін түскен. Нарықтық құнды төмендетудің негізгі факторлары мұнай бағасының төмендеуі, дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуі, Әзербайжан манаты бағамының әлсіреуі. БЖЗҚ барлық шығарылымның жалғыз ұстаушысы болып табылатындығын ескере отырып, осы қаржы құралына әділ нарықтық баға болмай отыр. Қазіргі сәтте аталған облигациялардың құны Bloomberg ақпараттық-талдамалық жүйенің үлгісі бойынша есептеліп отыр және 2017 жылғы 10 мамырдан бастап (қайта құрылымдау жарияланғанға дейін) 5 маусым аралығы кезеңінде номиналдық құннан 92,28%-дан 82,00%-ға дейін төмендеді.

Лондонда шетелдік кредиторлармен ағымдағы жылғы 23 мамырда өткен кездесу барысында Әзербайжан Халықаралық Банкі борыштың тиісті түрлері үшін қайта құрылымдаудың нұсқаларын ұсынды: алдыңғы борыш, реттелген борыш және сауда қаржыландыруы. БЖЗҚ инвестициялары жататын алдыңғы борыш үшін қайта құрылымдаудың мынадай 3 нұсқасы ұсынылған болатын:

Бірінші нұсқасы. АХБ-ның БЖЗҚ алдындағы 200 млн. АҚШ долларындағы ағымдағы міндеттемелерін Әзербайжан Республикасының 12 жылдық айналым мерзімі бар (2029 жылға дейін) және жылдық 5,125% купондық мөлшерлеме сыйақысы бар мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 250 млн. АҚШ долларына айырбастау.

Екінші нұсқа. ӘХБ-нің БЖЗҚ-ның алдындағы ағымдағы міндеттемелерінің 250 млн. АҚШ долларын Әзербайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 250 млн. АҚШ доллары қарызына 15 жыл (2032 жылға дейін) айналыс мерзімімен, 3,5% жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесімен айырбастау.

Үшінші нұсқа. ӘХБ-ның БЖЗҚ-ның алдындағы ағымдағы

міндеттемелерінің 250 млн. АҚШ долларын ӘХБ облигацияларының жаңа шығарылымының 250 млн. АҚШ долларына 7 жыл (2024 жылға дейін) айналыс мерзімімен және 3,5% жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесімен айырбастау.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып, тәуекел тұрғысынан қайта құрылымдаудың барынша қауіпсіз нұсқасын таңдайтын болады.

ӘХБ-ға инвестициялау бойынша шешім қабылдаған адамдарға қатысты ақпарат құзыретті органдарға берілді.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бөлігінде жаңа тәсіл туралы

2016 жылдың басынан бастап БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған тәсіл өзгерді. Зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару бойынша негізгі функциялар Мемлекет басшысы басқаратын Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің құзыретіне берілді. Сол сәттен бастап БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін жыл сайын инвестициялаудың бағыттарын Кеңес айқындайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялау 2016 жылғы наурызда Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен БЖЗҚ-ның жаңа Инвестициялық декларациясы шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл декларация Кеңес алдын ала мақұлдаған және Үкімет бекіткен рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне негізделген.

Қазіргі кезде инвестицияларды бұдан кейін бөлуді, нақты сомасын және нақты инвестициялық бағыттарын қоса алғанда, Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп жүзеге асырады.

Осылайша, БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару шеңберінде шешімдер қабылдаудың көп деңгейлі жүйесі құрылып, жұмыс істеуде.

Зейнетақы активтерін басқару бойынша ақпарат қамтылған БЖЗҚ қызметі туралы жыл сайынғы есепті Кеңес қарайды, ол қажет болған жағдайда зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Тәсілдер өзгергеннен кейін сондай-ақ құралдарға сандық лимиттер қайта қаралды. 2016 жылы лимит 200,0 млрд. теңге болған кезде екінші деңгейдегі банктерге 112, 8 млрд. теңге инвестицияланды.

Нәтижесінде 2016 жылдың басынан бастап 2017 жылғы 31 мамыр аралығында Қазақстанның банк секторының үлесі БЖЗҚ зейнетақы активтерінен 33,9%-дан 25,2%-ға дейін төмендеді. Банктердегі зейнетақы активтері шоғырлануының төмендеуі негізінен жаңа инвестицияларды қысқарту, сондай-ақ банктердің өз міндеттемелерін жоспарлы түрде өтеуі есебінен орын алды.

Сонымен бірге, «Қазинвестбанк» АҚ-тағы депозитте орналастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтері есептелген сыйақыны ескере отырып толық көлемде үш миллиард теңгеден астам сомаға «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-қа берілді. Мәміле талаптарына сәйкес зейнетақы қаражаты «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-тың депозитіне

3 жыл мерзімге және жылдық 8% сыйақы мөлшерлемесімен орналастырылды (мамырдың қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық деңгейі 7,5% болды).

Қазіргі сәтте БЖЗҚ-ның екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған зейнетақы активтері инвестицияларының қайтарымдылығына байланысты проблемалар туындап отырған жоқ.

Шешімдер қабылдаудың қолданыстағы жүйесін, сондай-ақ зейнетақы активтері азаматтардың меншігі болып табылатындығын және бюджет қаражатына жатпайтындығын ескере отырып, БЖЗҚ-ның бюджетін және олардың орындалуы туралы есептері бар инвестициялық саясатын бекіту Қазақстан Республикасының Парламенті қарайтын және бекітетін республикалық бюджеттің арнайы бөлімі шеңберінде өтпеуге тиіс деп санаймыз.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Парламенті заңнама деңгейінде Үкімет мүшелерінің қызметі мәселелері бойынша олардың есептерін тыңдауға құқығы бар, сондықтан БЖЗҚ-ның және ӘММСҚ-тың қызметі туралы кез келген ақпаратты ала алады.

Жалпы алғанда, зейнетақы активтерін инвестициялау процесінің жариялылығын арттыру қажеттілігі туралы Сіздің ұсыныстарыңызды қолдай отырып, қазіргі сәтте зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы БЖЗҚ-ның сайтында жарияланатын есептіліктің форматы анағұрлым ашық және жан-жақты болуы жағына қарай қаралып жатыр. Есептілікке қаржы құралдарын сатып алу күні туралы және инвестициялар бойынша басқа да жан-жақты ақпарат қосылатын болады.

Қосымша ай сайынғы негізде Ұлттық Банк қаржы құралдарын сатып алуды, сатуды және өтеуді қоса алғанда, зейнетақы активтерінің құрылымындағы өзгерістер туралы жұртшылыққа хабарлап отыруды жоспарлап отыр.

БЖЗҚ-ның және ӘММСҚ-тың қаражатын ұлттық экономиканың басымдық берілген жобаларына тікелей инвестициялау туралы

Тікелей инвестициялар қаражатты компаниялардың акцияларына салуды білдіреді. Мәселен, егер инвестор осы кәсіпорынды басқаруда маңызды рөлі болған жағдайда ғана инвестициялар тікелей деп саналады. Ағымдағы жағдайларда Қазақстан компанияларына салынған акциялар мынадай тәуекелдерге тап болуы ықтимал:

1) Өтімділіктің болмауы немесе төмен өтімділік. Қазақстандық акциялардың басым бөлігінің ішкі нарықтағы өтімділігі төмен не мүлдем өтімді емес. Қажеттілік туындаған жағдайда, мұндай құралдарды сату айтарлықтай қиыншылық туғызады, ал белгілі бір жағдайларда мүлдем мүмкін емес болады.

2) Акциялардың әділ (нарықтық) бағасының болмауы. Қазақстандық компаниялардың басым көпшілігінің әділ (нарықтық) құны жоқ. Оның болмауы акцияларды сатып алу және сатуды, сондай-ақ салынған қаражаттың тиімділігін анықтауда қиыншылық туғызады.

3) Дивидендтердің болмауы. Компанияның қаржылық жағдайының нашарлауы немесе шығынға ұшырауы жағдайында дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдануы мүмкін, ол инвестициялардың кірістілігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

4) Талаптар мәртебесінің төмендігі. Компанияның банкротқа ұшырауы немесе таратылуы жағдайында акционерлердің талаптары бойынша төлемдер ең соңғы кезекте жүзеге асырылады. Әдетте, аталған кезектің талаптары қанағаттандырылмайды.

Осылайша, акцияларға инвестициялар, соның ішінде тікелей инвестициялар тәуекелділігі ең жоғары құрал болып табылады.

Бұл ретте, бүгінгі күнге БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің портфелінде нарықта сұранысқа ие болмауы себепті қолда бар көлемдерде сатылуы мүмкін болмайтын корпоративтік қазақстандық эмитенттердің үлестік бағалы қағаздары бар.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару жүйесін реформалау туралы

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында, Ұлттық Банк зейнетақы активтерін салымшының таңдауы бойынша жеке басқарушы компанияларға басқаруға беру мәселесі бойынша ұсыныстар әзірледі. Қазіргі уақытта заңнамаға тиісті түзетулер әзірленді, олар Қазақстан Республикасының Үкіметімен және бизнес-қоғамдастықпен талқылануда.

Мүдделі тараптардың пікірлері ескеріліп, өзара келісілген ұстаным қалыптасқаннан кейін тиісті заң жобасы жұртшылықтың және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына ұсынылатын болады.

**Құрметпен,
Төраға**

Д. Ақышев

№ исх: 23-0-11/363 от: 08.06.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

08.06.2017г. № 23-0-11/363



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
фракции ДПК «Ақ жол»**

**А. Перуашеву
Е. Барлыбаеву
Е. Никитинской
К. Абсатинову
Б. Дюсембинову
Д. Еспаевой
М. Казбековой**

На №ДЗ-144 от 19.05.2017г.

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан благодарит депутатов фракции ДПК «Ақ жол» за внимание к вопросам управления пенсионными активами ЕНПФ и направляет следующую информацию.

Касательно инвестиций в облигации Международного Банка Азербайджана (МБА)

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 июня 2013 года «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляется Национальным Банком.

В 2014-2015 годах Национальный Банк осуществлял инвестирование пенсионных активов в рамках решений Совета по управлению пенсионными активами ЕНПФ, который в апреле 2014 года одобрил общую Концепцию по управлению пенсионными активами ЕНПФ и перечень разрешенных финансовых инструментов. В мае 2014 года Правлением Национального Банка была утверждена Инвестиционная декларация ЕНПФ, предусматривающая условия и ограничения в отношении инвестирования пенсионных активов ЕНПФ.

Большинство полномочий определялось Национальным Банком, и, соответственно, предложения по каждому инструменту инвестирования определялись подразделением, ответственным за инвестирование пенсионных активов.

На момент инвестирования пенсионных активов ЕНПФ минимальный кредитный рейтинг МБА составлял «Ва3» по международной шкале рейтингового агентства Moody's, что соответствовало требованиям действующей на момент приобретения Инвестиционной декларации ЕНПФ.

Следует отметить, что проблемы у МБА начались в первой половине 2015 года, и в тот период Национальным Банком не предпринималось каких-либо усилий по возврату инвестированных средств.

После организационных изменений в структуре Национального Банка, проведенных в начале 2016 года, Национальный Банк начал проводить активную работу по осуществлению досрочного частичного или полного погашения облигаций банка.

В марте 2016 года направлены письма в Министерство финансов Азербайджанской Республики и Международный Банк Азербайджана с выражением обеспокоенности о финансовом состоянии банка. Параллельно направлено письмо организатору сделки Citi Group для получения разъяснений прав держателя облигаций требовать досрочное погашение и процедур по досрочному погашению облигаций МБА.

В официальном ответе, полученном от Citi Group в апреле 2016 года, МБА отказался досрочно погашать свою задолженность. По условиям выпуска досрочное погашение было возможно только с согласия МБА.

В мае 2016 года Национальный Банк повторно направил письмо в МБА о рассмотрении возможности досрочного полного или частичного погашения своих облигаций. В ответ МБА сообщил о том, что не рассматривает возможность досрочного полного или частичного погашения (ответ от 17.06.2016г.).

В августе 2016 года Национальный Банк еще раз официально направил письмо в МБА, в котором настаивал на досрочном полном или частичном погашении облигаций. В ответ МБА в сентябре 2016 года повторил свою позицию с отказом рассматривать возможность досрочного полного или частичного погашения своих обязательств.

В октябре 2016 года в рамках проведения «Осенних встреч» Совета управляющих МВФ в Вашингтоне между Заместителем председателя Национального Банка и Вице-Министром Финансов Азербайджанской Республики состоялась встреча по вопросу возможного досрочного погашения облигаций МБА. В последующем, между заместителями в ноябре 2016 года и в феврале 2017 года были проведены детальные обсуждения по телефону. В ходе переговоров Национальный Банк, с учетом отсутствия средств у МБА, был готов рассмотреть возможные варианты обмена облигаций МБА на другие более ликвидные облигации МБА или государственные ценные бумаги Азербайджанской Республики (данная операция позволила бы впоследствии

продать полученные ценные бумаги на рынке). Со своей стороны Министерство финансов Азербайджанской Республики сообщило, что МБА не имеет финансовой возможности для осуществления досрочного погашения или выкупа своих обязательств, а также об отсутствии каких-либо юридических оснований со стороны Национального Банка для требования досрочного погашения.

В феврале 2017 года рейтинговое агентство Moody's понизило кредитный рейтинг МБА до уровня «В1» с негативным прогнозом, вследствие чего Национальный Банк еще раз направил запрос в МБА с настоятельной просьбой о повторном рассмотрении вопроса досрочного погашения облигаций МБА.

Как позднее стало известно, МБА уже готовился к добровольной реструктуризации своих обязательств, о которой было объявлено 11 мая 2017 года.

Приобретенные облигации изначально были отнесены в портфель ценных бумаг, удерживаемых до погашения, и, следовательно, не переоценивались. В мае 2016 года с целью возможности их реализации на рынке и проведения регулярного мониторинга рыночной оценки облигаций был осуществлен перевод данных облигаций в торговый портфель. В период нахождения облигаций в портфеле пенсионных активов ЕНПФ их рыночная оценка опускалась до отметки в 67% от номинальной стоимости. Основными факторами снижения рыночной стоимости являлись снижение цен на нефть, отток капитала с развивающихся рынков, ослабление курса Азербайджанского маната. Учитывая, что ЕНПФ является единственным держателем всего выпуска, справедливая рыночная оценка на данный финансовый инструмент отсутствует. На текущий момент стоимость указанных облигаций рассчитывается по модели информационно-аналитической системы Bloomberg и в период с 10 мая (до объявления реструктуризации) по 5 июня 2017 года снизилась с 92,28% до 82,00% от номинальной стоимости.

Во время встречи, проведенной 23 мая текущего года с зарубежными кредиторами в Лондоне, Международный Банк Азербайджана представил варианты реструктуризации для соответствующих типов долга: старший долг, субординированный долг и торговое финансирование. Для старшего долга, к которому относятся инвестиции ЕНПФ, были предложены следующие 3 варианта реструктуризации:

Первый вариант. Обмен 250 млн. долларов США текущих обязательств МБА перед ЕНПФ на 200 млн. долларов США долга в виде государственных ценных бумаг Азербайджанской Республики со сроком обращения 12 лет (до 2029 года) и купонной ставкой вознаграждения 5,125% годовых.

Второй вариант. Обмен 250 млн. долларов США текущих обязательств МБА перед ЕНПФ на 250 млн. долларов США долга в виде государственных ценных бумаг Азербайджанской Республики со сроком обращения 15 лет (до 2032 года) и купонной ставкой вознаграждения 3,5% годовых.

Третий вариант. Обмен 250 млн. долларов США текущих обязательств МБА перед ЕНПФ на 250 млн. долларов США нового выпуска облигаций МБА

со сроком обращения 7 лет (до 2024 года) и купонной ставкой вознаграждения 3,5% годовых.

Национальным Банком совместно с Правительством будет выбран наиболее безопасный с точки зрения риска вариант реструктуризации.

В отношении лиц, принимавших решение по инвестированию в МБА, информация передана в компетентные органы.

Касательно нового подхода в части инвестирования пенсионных активов ЕНПФ

С начала 2016 года подход к инвестированию пенсионных активов ЕНПФ был изменен. В соответствии с внесенными изменениями в пенсионное законодательство ключевые функции по управлению пенсионными активами ЕНПФ переданы в компетенцию Совета по управлению Национальным фондом, который возглавляет Глава государства. С этого момента ежегодные направления инвестирования пенсионных активов ЕНПФ определяются Советом.

Инвестирование пенсионных активов осуществляется в рамках новой Инвестиционной декларации ЕНПФ, утвержденной Правлением Национального Банка в марте 2016 года. Данная декларация базируется на перечне разрешенных финансовых инструментов, который был предварительно одобрен Советом и утвержден Правительством.

В настоящее время распределение инвестиций осуществляется Национальным Банком совместно с Правительством, включая конкретные суммы и конкретные инвестиционные направления.

Таким образом, в рамках управления пенсионными активами ЕНПФ создана и действует многоуровневая система принятия решений.

Ежегодный отчет о деятельности ЕНПФ, содержащий информацию по управлению пенсионными активами, рассматривается Советом, который в случае необходимости вырабатывает предложения по повышению эффективности управления пенсионными активами.

После изменения подходов также были значительно пересмотрены количественные лимиты на инструменты. В 2016 году в банки второго было инвестировано 112,8 млрд. тенге при лимите 200,0 млрд. тенге.

В результате с начала 2016 года по 31 мая 2017 года доля банковского сектора Казахстана снизилась с 33,9% до 25,2% от пенсионных активов ЕНПФ. Снижение концентрации пенсионных активов в банках произошло в основном за счет сокращения новых инвестиций, а также плановых погашений банками своих обязательств.

Вместе с тем пенсионные активы ЕНПФ, размещенные на депозите в АО «Казинвестбанк», переданы в полном объеме на сумму более трех миллиардов тенге с учетом начисленного вознаграждения в АО ДБ «Альфа-Банк». Согласно условиям сделки пенсионные средства размещены на депозите АО ДБ «Альфа-Банк» сроком на 3 года и ставкой вознаграждения 8% годовых (по итогам мая годовой уровень инфляции составил 7,5%).

На текущий момент отсутствуют проблемы, связанные с возвратностью инвестиций пенсионных активов ЕНПФ, размещенных в банках второго уровня.

Принимая во внимание действующую систему принятия решений, а также, что пенсионные активы являются собственностью граждан и не относятся к бюджетным средствам, считаем, что утверждение бюджетов и инвестиционной политики ЕНПФ с отчетами об их исполнении не должно происходить в рамках специального раздела в республиканский бюджет, рассматриваемого и утверждаемого Парламентом Республики Казахстан.

При этом Парламент Республики Казахстан на законодательном уровне наделен правом заслушивать отчеты членов Правительства по вопросам их деятельности, и, следовательно, может получить любую информацию о деятельности ЕНПФ и ФОСМС.

В целом, поддерживая Ваши предложения о необходимости повышения публичности процесса инвестирования пенсионных активов, на текущий момент формат публикуемой на сайте ЕНПФ отчетности о структуре инвестиционного портфеля пенсионных активов пересматривается в сторону большей прозрачности и детализации. В отчетность будет добавлена информация о дате покупки финансовых инструментов и другие детали по инвестициям.

Дополнительно на ежемесячной основе Национальный Банк планирует начать информировать общественность об изменениях в структуре пенсионных активов, включая покупки, продажи и погашения финансовых инструментов.

Касательно прямого инвестирования средств ЕНПФ и ФОСМС в приоритетные проекты национальной экономики

Прямые инвестиции подразумевают вложение средств в акции компаний. Так, инвестиции могут считаться прямыми только в том случае, если инвестор играет значительную роль в управлении данным предприятием. В текущих условиях инвестиции в акции казахстанских компаний подвержены следующим рискам:

1) Отсутствие ликвидности или низкая ликвидность. Большинство казахстанских акций на внутреннем рынке являются низколиквидными либо вовсе неликвидными. В случае возникновения необходимости, реализация таких инструментов будет сильно затруднительна, а в определенных случаях невозможна.

2) Отсутствие справедливой (рыночной) цены акций. По большинству казахстанских компаний отсутствует справедливая (рыночная) стоимость. Ее отсутствие затрудняет покупку и продажу акций, а также определение эффективности вложенных средств.

3) Отсутствие дивидендов. В случае ухудшения финансового состояния компании или получения убытка может быть принято решение о невыплате дивидендов, что негативно скажется на доходности инвестиций.

4) Низкий статус требований. В случае банкротства или ликвидации компании выплаты по требованиям акционеров осуществляются в последнюю очередь. Как правило, требования данной очереди не удовлетворяются.

Таким образом, инвестиции в акции, в том числе прямые инвестиции, являются одним из самых рискованных инструментов.

При этом в портфеле пенсионных активов ЕНПФ уже имеются долевые ценные бумаги корпоративных казахстанских эмитентов, которые невозможно продать в имеющихся объемах из-за отсутствия спроса на рынке.

Касательно реформирования системы управления пенсионными активами ЕНПФ

Во исполнение поручения Главы государства Национальный Банк подготовил предложения по вопросу передачи пенсионных активов в управление частным управляющим компаниям по выбору вкладчика. В настоящее время уже подготовлены соответствующие поправки в законодательство, которые обсуждаются с Правительством Республики Казахстан и бизнес-сообществом.

После того, как будет сформулирована согласованная позиция с учетом мнений заинтересованных сторон, соответствующий законопроект будет представлен на рассмотрение общественности и Парламента Республики Казахстан.

**С уважением,
Председатель**

Д. Акишев